КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 21 қаңтар Іс №1513-24-00-2/3993 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Казтуганова,
сот отырысының хатшысы А.Тлегенова отырып,
сот ғимаратында «Whatsapp» мобильдік қосымшасы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Жадыра Ержанқызы Сақимолда

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
тараптар қатыспаған

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

«Бағалы ұсыныыстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде талап қоюшы (әрі қарай-тапсырыс беруші) және жауапкер (әрі қарай -өнім беруші) арасында 2024 жылдың 12 қыркүйекте №222-24-ЭЦП мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған.

Шарт бойынша жауапкер шарт күшіне енген күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде гидравликалық аспап жеткізуге міндеттенген.

Шарттың жалпы сомасы 689 000 теңгені құрайды.

Сәйкесінше, жауапкермен міндеттемені орындау мерізімі қоса есептегенде 2024 жылдың 11 қарашасына дейін болып табылады.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын жауапкер 2024 жылдың 27 қыркүйекте енгізген.

Талап қоюшы сотқа талап қоюымен жүгініп, онда мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін толық орындамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және сот отырысын талап қоюшының қатысуынсыз қарауды сұраған.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісінше хабарланғанымен жауапкер сот отырысына қатысқан жоқ, істі өзінің қатысуынсыз қарау туралы сотқа арызданбаған.

Істі негізінен қарау үшін дәлелдемелер жеткілікті болғандықтан, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 196-бабының (әрі қарай–АПК) талаптарын басшылыққа алып, сот істі тараптардың қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай-АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 4-тармағына сәйкес, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы сотқа аталған талап қоюымен уақытылы жүгінген.

Іс материалдарынан мемлекеттік сатып алудың баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы жүзеге асырылғандығы, жауапкердің шартта көзделген міндеттемелерін орындамағандығы анықталды.

2024 жылғы 3 желтоқсандатараптар арасындағы міндеттемелер шарттың бұзылуына байланысты тоқтатылды.

Заңның 17 бабының 9 тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші көрсетілген шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда шарт орындалды деп есептеледі.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдеген жоқ, талап қоюшының уәждерін жоққа шығаратын дәлелдемелерді сотқа ұсынған жоқ.

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 21.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 25.02.2025, судья Казтуганова Б. А., 27.02.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемесін толық орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар жауапкерден өндіріледі (1846 теңге).

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер Жадыра Ержанқызы Сақимолда мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер Жадыра Ержанқызы Сақимолда жергілікті бюджет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Сот шешіміне наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарына сәйкес Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот арқылы апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.А.Казтуганова

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 21.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 25.02.2025, судья Казтуганова Б. А., 27.02.2025

ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕ» - Судопроизводство - Сот өндірісі

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Казтуганова Б. А., 21.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 25.02.2025, судья Казтуганова Б. А., 27.02.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

1513-24-3-1/4644